

Түркия Республикасының премьер-министрі Режеп Ердоғанның Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 144-ө
Өкімі

Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасы арасындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту және 2005 жылғы 26-27 мамырда Астана және Алматы қалаларына Түркия Республикасының премьер-министрі Режеп Ердоғанның Қазақстан Республикасына ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі сапарды дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Түркия Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөнінде ұйымдастыру шараларын қабылдасын;

2005 жылға арналған республикалық бюджетте 001 "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" және 003 "Республикалық деңгейде халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы" бағдарламалары бойынша көзделген қаражат есебінен сапарды және Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен Астана қаласында бизнес-форумды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Түркия Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайлардағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді, сондай-ақ арнайы ұшақты күзетуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген т ә р т і п п е н :

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Түркия Республикасының премьер-министрі Режеп Ердоғанның арнайы ұшағының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып

Ш ы ғ у ы н ;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

6. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Түркия Республикасының ресми делегациясын болатын орындарында қарсы алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Астана қаласының әкімімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы мен Түркия Республикасының мүдделі мемлекеттік органдары өкілдерінің, кәсіпкерлерінің қатысуымен бизнес-форумды ұйымдастырсын.

8. Қазақстан Республикасы Республикалық ұланы (келісім бойынша) Астана және Алматы қалаларының әуежайларында Түркия Республикасының премьер-министрі Режеп Ердоғанды қарсы алу мен шығарып салу рәсіміне қатыссын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметовтің атынан қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

9. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и қ а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 5 ж ы л ғ ы 2 5 м а м ы р д а ғ ы

№ 1 4 4 - ө ө к і м і н е

қосымша

Түркия Республикасы ресми делегациясының мүшелеріне қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Түркия Республикасы ресми делегациясының мүшелерін Астана қаласының "Окан-Интерконтиненталь" және Алматы қаласының "Реджент- Алматы" қонақ үйлеріне 1+1+10 форматы бойынша орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Күзет қызметінің қызметкерлерін Астана қаласының "Окан-Интерконтиненталь" және Алматы қаласының "Реджент-Алматы" қонақ үйлеріне орналастыру.

3. Баспа өнімдерін (бейджер, автокөліктерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

4. Түркия Республикасы ресми делегациясының басшысы мен мүшелері үшін сыйлық және кәдесыйлар сатып алу.

5. Түркия Республикасының ресми делегациясын Астана және Алматы қалаларының әуежайларында қарсы алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

6. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Даниал Ахметовтің атынан Түркия Республикасының премьер-министрі Режеп Ердоғанның құрметіне Астана қаласында ресми қабылдау ұйымдастыру.

7. Астана қаласында Қазақстан Республикасының және Түркия Республикасының іскер топтары өкілдерінің қатысуымен бизнес-форум өткізуге қажетті залды, слайд-проекторды, компьютерді, ілеспе аудармаға арналған жабдықтарды, ілеспе аударма қызметтерін, микрофондарды, құлақшаларды жалға алуға және кеңсе заттары мен минералдық су алуға ақы төлеу.

8. Ресми делегацияның мүшелеріне және бірге жүретін адамдарға медициналық қызмет көрсету.